

”

ГОСТ

Абишева К. Б. Жасанды интелект қоғамның игілігіне пайдалануы және әлеумет желісінде өзін-өзі көмек көрсетудің жаңа құралы ретінде // «Тұран-Астана» университетінің хабарлары. – 2025. – №1. – С. 4–11.

АРА

Abisheva K. B. (2025) Jasandı ĭntelekt qoғamnıń ĭgiligine paydalanwı jăne âlewmet jelisinde özin-özi kömek körsetwdiń jańa quralı retinde (The use of artificial intelligence for the benefit of society and as a new tool for self-help in social networks) [In Kazakh]. “Turan-Astana” University News. 1 (7): p. 4–11.

УДК 343.13
DOI

Абишева К. Б.,
*«Әлеуметтік гуманитарлық
ғылымдар және тілдік кафедрасы»
кафедрасының оқытушысы
Тұран-Астана университеті
Астана, Қазақстан*

**ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЕКТ ҚОҒАМНЫҢ ИГІЛІГІНЕ ПАЙДАЛАНУЫ
ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТ ЖЕЛІСІНДЕ ӨЗІН-ӨЗІ КӨМЕК КӨРСЕТУДІҢ
ЖАҢА ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ**

Аңдатпа: Жасанды интелектің қоғамда оң және теріс түрлерінің сипаты және әлеуметтің жақсаруындағы үлесі.

Түйінді сөздер: Жасанды интелект, жасанды ақыл ой болашақтың өзгеру кілті ретінде қарастылуы.

Технология заманында күн сайын жаңа технологиялардың пайда болуы қалыпты жағдайға айналды. Көз іле-спес жылдамдықпен дамыған жаңа технологияны игеріп үлгеру де мүмкін емес. Қазіргі таңда үздіксіз дамып келе жатқан жасанды интелект адамдар үшін қызық әрі алаңдаушылық туғызып отыр десек, артық айтқандық емес.

Жасанды ақыл-ой технологияларының адамзат өміріне айтарлықтай өзгеріс әкелетіні жайында аз айтылып та жүрген жоқ. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Digital Bridge-2023» халықаралық форумында жаңа дәуірдің басталғанын атап айтты. Ел Президенті атап айтқандай, жасанды интелект бұдан былай ғылыми фантастика емес, өмірдің ақиқатына

айналды. Кезінде электр жарығы мен интернетті ойлап табу тіршілігімізді қалай түбегейлі өзгертсе, жасанды интелект технологиясының ықпалы да дәл сондай орасан зор. Ол адамзаттың тұрмыс салтын мүлдем басқа арнаға бұрып, жұмыс процестерін автоматтандырады және ауқымды экономикалық құндылық қалыптастыра алады. Кейбір сарапшылардың бағалауынша, жасанды интелектің жаһандық экономикаға қосатын елеулі үлесі – төрттен бір бөлігіне ие болмақ. Жаңа технологияның кең қолданысқа ие болуы Қазақстанның қарқынды дамуында маңызды рөл атқармақ.

Жасанды ақыл-ой технологиясының жетістігімен қатар қаупін әзірге дөп басып айтқан ешкім жоқ. Алайда жа-

санды интеллект саласының қарқынды дамығаны сонша, бүгінде өлең шығаратын, жазу жазатын, тіпті адамның басқа да іс-әрекетін қайталайтын роботтардың пайда болуы адамның орнын робот алмастырар ма екен деген алаңдаушылық туғызуда. Бұл мәселенің әлі де өзекті екенін Мемлекет басшысы атап айтты.

Ғалымдар ХХІ ғасыр жасанды интеллект ғасыры екенін айтуда. Бүгінде әлемде жасанды интеллектің алғашқы қарлығаштары әр салада қолданыла бастады. Әрине, технологияның жетістігі адам игілігіне қызмет ететіні сөзсіз.

– Бүгінде адамның ақыл-ойынан машина, яғни технология үстем болатын заман орнығуда. Басқаша айтқанда, жасанды интеллект технологиясы адамзатқа қауіп-қатер төндіруі мүмкін. Мұның арты неге әкеп соқтыратыны белгісіз. Ғалымдар арасында бұған қатысты ортақ пайым жоқ. Яғни жасанды интеллект адамзатқа игілік әкеле ме, әлде құрдымға кетіре ме деген сұрақ әлі де өзекті болып тұр. Сондықтан осы мәселеге саналы түрде қарап, жасанды интеллектің дамуын жіті назарда ұстау – аса маңызды міндет. Мысалы, кезінде атом энергетикасымен қатар атом қаруы пайда болды. Сол кезде жаһандық қауіпсіздікті сақтау үшін жаңа қағидаттар қалыптасты. Бұл – технологиялық даму заманында ұжымдық қауіпсіздік мәселесі бақылауда болуы керек деген сөз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«Жасанды интеллект саласы еңбек нарығына қандай өзгеріс әкеледі? Қандай мамандықтар жойылуы мүмкін?» деген сауалдар да өзекті.

«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ «Болжау және зерттеу» департаментінің зерттеуі бойынша жасанды интеллект саласы еліміздегі ірі қалаларда жұмыс орындарын автоматтандырады. Жалпы Қазақстан бойынша бұл үлес 24,9% болса, Шымкент,

Астана және Алматы қалаларында 33,5%-дан 35,7%-ға дейін жетіп отыр. Бұдан басқа, автоматтандырудың жоғары деңгейі өнеркәсіптік дамыған Атырау (28,2%) және Шығыс Қазақстан (26,4%) аймақтарында бар. Жұмыс орындарын автоматтандырудың ең аз мүмкіндігі негізінен ауыл шаруашылығы аймақтарында қалыптасады, олар да халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуының жоғары деңгейімен сипатталады. Түркістан облысында автоматтандыру деңгейі 17,9%, Жетісу облысында – 18,7%, Алматы облысында – 19,9%, Жамбыл облысында – 20,3% деп бағаланады.

«Жалпы қызметкерлерді босату және ауыстыру мүмкіндігі, олардың ауқымын ескере отырып, тұтастай алғанда Қазақстанның еңбек нарығына елеулі қауіп төндіреді», – дейді мамандар. Сонымен қатар нарықтық экономика жағдайында, ең алдымен, автоматты процестерді енгізу кезінде кірісті арттыруға бағытталғанын атап өткен жөн. Егер, мысалы, халықаралық сауда орталығы статистикасының деректеріне сәйкес АҚШ-та өндірілген бір өнеркәсіптік роботтың экспорттық құны 2022 жылы 23,6 мың долларды құраса, бұл орташа жылдық бағам бойынша тиісінше 10,9 млн теңгені құрады. Бірақ дәл сол АҚШ-та 2022 жылы орташа жылдық жалақы 61,9 мың долларды 10 немесе 28,6 млн теңгені құрады, бұл ретте Қазақстанда алдын ала деректер бойынша 3,7 млн теңгені құраған.

Еңбек нарығын автоматтандырудың нәтижесінде ірі қалалар үшін жұмыс орындарының 33%-дан 36%-на дейін автоматтандыруы мүмкін, сондай-ақ өнеркәсіптік дамыған өңірлерге тән. Салалық бөліністе қызметкерлерді жасанды интеллект алмастырудың ең үлкен әлеуеті кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет саласында, сондай-ақ денсаулық сақтау саласына тән болып отыр. Дегенмен Қытайға бағытталған зерттеу мысалында атап өтілгендей, оңтайландырылған жұмыс күші есебі-

нен әлеуетті үнемдеу еңбек нарығына әсер етуде маңызды рөл атқарады. Қазақстанда орташа жалақы дамыған елдерден едәуір төмен болғандықтан, автоматтандыру және жұмысшыларды механизмдермен және жасанды интеллектпен алмастыру процестері өте баяу жүреді деп күтуге болады, өйткені компаниялар мұны пайданы ұлғайту тәсілі ретінде көреді», – деп болжайды сарапшылар.

Осы орайда Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Экономика және құқық институты директоры, экономика ғылымдарының кандидаты, «Қазақстан IT мамандар ассоциациясы» ЖШС директоры Нұрлан Құлмырзаевтың пікірін білдік.

– Шынында, жасанды интеллект жұмыс орындарының қысқаруына әкелуі ықтимал. Себебі қазіргі уақытта адамдар орындайтын көп тапсырманы технология орындайды. Бұл өндіріс, көлік және тұтынушыларға қызмет көрсету сияқты салалардағы жұмыс орындарының қысқаруына әкелуі мүмкін. Дүниежүзілік экономикалық форумның мәліметі бойынша, 2025 жылға қарай әлемде автоматтандыру әсерінен 85 миллион жұмыс орны жоғалуы мүмкін. Қазақстанда ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің дерегі бойынша 2030 жылға қарай автоматтандыру нәтижесінде 1,5 миллион жұмыс орны жойылуы мүмкін. Дегенмен жасанды интеллект жаңа жұмыс орнын құра алатынын ескеру керек. Мысалы, жасанды интеллект жүйелерін әзірлеу, техникалық қызмет көрсету және жөндеу үшін қажет. Сондай-ақ бизнес пен кәсіпкерлік үшін жаңа мүмкіндіктер жасай алады, – дейді ол.

Жасанды интеллект саласы өмірімізге дендеп еніп жатқанын айтудай-ақ айтып жүрміз. Ал жаңа технологияны игілігіміз үшін игеруде дайындығымыз қандай? «Oxford Insights» компаниясы «Үкіметтің жасанды ин-

теллектіге дайындық индексі-2022» зерттеуін жариялады. Бұл зерттеуде әлем елдері үкіметтерінің мемлекеттік қызметтерді ұсынуда жасанды интеллект мүмкіндіктерін енгізуге дайындық көрсеткіштерін бағалаған. Зерттеу қорытындысы бойынша жасанды интеллект саласын мемлекеттік қызметте тиімді пайдалануда АҚШ көш бастаса, Сингапур, Оңтүстік Корея, Жапония алғашқы ондыққа енген. Қазақстан – 72, Әзербайжан – 74, Өзбекстан – 79 орынды иеленген. Соңғы орындарда Сирия, Ауғанстан елдері бар.

Жасанды ақыл-ой технологияларын қалай қолдану керек? Бұл орайда тағы да маман пікіріне сүйендік.

Бүгінде жасанды интеллект білім саласына да еніп кеткенін Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек атап айтты.

– Нейрожелі қазірдің өзінде оқу үдерісіне араласып кетті. Оның дамуы да жылдам. Қазір бізге цифрлық сауатты болу жеткіліксіз. Жасанды интеллект сауаты деген ұғым да жақсы таныс болуы қажет. Яғни біз оны білім саласында оқытуымыз керек. Иә, бұл алгоритмнің кері әсері туралы да көп айтылады. Дегенмен біз оның дамуын тежей алмаймыз. Сондықтан сауатты түрде меңгеруіміз қажет. Кез келген салада ChatGPT-мен жұмыс істеді меңгерген маманның бәсі жоғары тұрады, – деді министр жуырда өткен Digital Bridge 2023 форумында.

Еліміздегі алғашқы жылдам кәсіптер университетінің негізін қалаушы Диана Камаладиннің айтуынша, білім беру саласында оқытушының орнын чат-боттар алмастыра алатыны туралы пікірі «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланды.

– Батыста машиналардың жаңа моделі жыл сайын шығатын болса, Қытай нарығында алты ай сайын өзгеріп жатыр. Бұрын бір жаққа баратын бол-

саң такси ұстау, такси табу қиын еді. Ал қазір «Яндекс» бар. Тіпті көлікті 10 минут күтіп қалсаңыз, «неге тез келмеді» деп шағымданасыз. Мысалы, фаст-фудтар біздің жылдам тамақтануымызға ыңғайлы. Әрекеттеріміз күн өткен сайын жылдамдыққа негізделіп барады. Білім беру нарығына да осындай қарқынды өзгерістерге ілесе алатындай жүйе қажет. Мәселен, TikTok желісінде химия пәнін үйрететін мұғалім бар. Оның бейне сабақтары миллиондаған қаралым жинап жатыр. Мұның барлығы білім жүйесінің өзгеріп жатқанын аңғартады. Балаларымыз, яғни жаңа буын стандартты біліммен шектеле алмайды. Сондықтан да біз осы саланы жетілдіріп, жылдам білім бере алатын платформаларды қалыптастыруымыз қажет. Қазір адамдар өзіне қажетті білімді алу үшін қысқамерзімді курстарды сатып алады. Міне, осылай жылдам игеретін мамандықтар шығып жатыр. Бұл – заман талабы. Өйткені ақпараттар әп-сәтте ескіріп қалады. Сондықтан қоғамдағы өзгерістерге ілесе білуіміз қажет. Сондай-ақ оқытушының орнын баса алатын чат-боттар пайда болды. Бұрын оқытушы деген бізге баға қойып, үй тапсырмасын тексеретін адам болса, қазір оқытушы ол режиссер тәрізді. Сізге тек мынадай кітапты оқы, мынадай подкаст тыңда, мынадай вебинарларға, шеберлік сыныптарына бар деп айтады, – дейді Диана Камаладин.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің құқық институты директоры Нұрлан Құлмырзаев ең бастысы жасанды зердені адамзат игілігіне пайдалана білуіміз керек деген пікірін білдірді.

– Бұл туралы ел Президенті де атап айтты. Жасанды интеллект – жақсылыққа да, жамандыққа да қолдануға болатын күшті құрал. Ең бастысы, жауапкершілікпен және этикалық тұрғыдан пайдалану маңызды. Жасанды интеллект адамдардың өмірін жақсарту үшін пайдаланылуы керек. Мәселен,

елдегі кедейшілік, ауру, климаттың өзгеруі сияқты жаһандық мәселелерді шешу үшін қолдану қажет. Мәселен, медицинада жасанды интеллект дәрігерлерге көмекші бола алады. Деректерді жинау және талдау нәтижелерін талдау сияқты күнделікті тапсырмаларды автоматтандыру үшін пайдаланылуы мүмкін. Сондай-ақ дәрігерлерге кеңес беру арқылы емдеу сапасын жақсартуға септігін тигізеді. Осы орайда жасанды интеллект саласын басқару үшін қолдануға болатын нақты принциптерді атап айтқым келеді. Бірінші, қауіпсіздік. Жасанды интеллект адамдар мен қоршаған орта үшін қауіпсіз болуы керек. Екінші, этика. Бұл моральдық принциптерге сәйкес қолданылуы керек. Үшінші, ашықтық. Адамдар жасанды интеллект қалай жұмыс істейтінін және шешімдердің қалай қабылданатынын түсінуі керек. Төртінші, жауапкершілік. Адамдар жасанды интеллектпен байланысты әрекеттері үшін жауап беруі керек. Осы қағидаларды ұстана отырып, біз жасанды интеллекттің адамзаттың игілігі үшін қолданылуын қамтамасыз ете аламыз, – дейді Нұрлан Құлмырзаев.

Жасанды интеллект саласын дамытуға өңірде де алғашқы қадамдар жасалуда. Жуырда Сеул Ұлттық ғылым және технологиялар университеті мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті арасындағы ынтымақтастық аясында университет жанынан жасанды интеллект мектебі ашылды. Алдағы уақытта оқу орнында жасанды интеллект, киберқауіпсіздік және информатика мамандары да даярланбақ.

Қалай айтқанда да, жасанды ақыл-ой технологияларының дамуы – уақыт талабы. Ал оны тиімді пайдалану адам баласын әрдайым оқып, жаңаны үйренуге тиіс екенін көрсетіп отыр.

«Жасанды интеллект» сөзін алғаш рет 1956 жылы Дартмут университетінде өткен конференциясының преамбуласында Джон Маккарти қолданған. Мак-

картиге сәйкес «жасанды интеллектіні» зерттеушілер нақты проблеманы шешу үшін адамдарда байқалмайтын интеллектіні зерттеуіне болады.

Өзінің анықтамасын түсіндіру барысында: «Әзірше біз бүтіндей қандай есептеуіш процедураларды интеллектуалды деп айта алатынымызды білмейміз. Сол себепті интеллект сөзін әлемде мақсатқа жету үшін қолданылатын әдістердің есептеуіш бөлігін ғана түсініп жүрміз». Сонымен қатар, интеллект тек қана биологиялық феномен деген де көзқарастар бар.

Жалпы жасанды интеллект дамуының екі бағыты бар:

1. мамандандырылған жасанды интеллект жүйелерін адам мүмкіндіктеріне жақындатумен және олардың адам табиғатымен жүзеге асырылатын интеграциясымен байланысты мәселелерді шешу;

2. бұрыннан жасалған жасанды интеллект жүйелерін адамзаттың мәселелерін шешуге қабілетті бір жүйеге біріктіруді білдіретін жасанды интеллект құру.

– Бұл тақырыпта пікірталас көп. Былтыр Стенфорд университетінің Stanford AI Report деген материалы жарық көрді. Жасанды интеллектінің еңбек нарығындағы үлесі туралы айтылған. Айта кетсек, аталған жүйе 300 млн жұмыс орнын жояды деседі. Әрине, статистика, сандар шегеленіп қойған дүние емес. Бірақ осындай сандар айтылуда. Есесіне, тағы сол 300-600 млн жұмыс орнын әкелуі де мүмкін. Еңбек нарығындағы дүмпуі қатты болады. «Жасанды интеллект адамның орнын баса алмайды. Бірақ оны қолданатын адам қолданбайтын адамның орнын басады» деген әмбебап сөз жиі айтылады. Смартфон қолданбайтын, компьютерді пайдалана алмайтын журналист пен технология тілін жақсы түсінетін журналисті салыстырсақ, кім жылдам? Бастапқыда телефон шыққан

кезде де адамның орнын басады деген қорқыныш болды. Дегенмен ол жағдайды жақсартты. Жасанды интеллект те дәл солай. Ғалымдар егер адам сауатсыз, топас болса, онда жасанды интеллект оның орнын басады дейді. Ал енді ерттеп міне алса, онда баса алмайды деген сөз.

Жасанды интеллект аспаннан салбырап түспейді. Оның негізгі қорегі — мәліметтер қоры. Онсыз жұмыс істей алмайды. Ал аталған жүйемен қазақша контент арасында мықты байланыс болуы үшін мәліметтер қоры керек. Ал ол қор қайдан келеді? Әдетте, мәліметтер интернеттен келеді. Қазір кез келген тақырып бойынша ағылшынша, орысша, қазақша іздеп көрсеңіз, қазақшасының үлесі қандай болатынын бәріміз жақсы білеміз.

Қазақ қоғамы қазақша контент жасамай, көбейтпей, орысша контент тұтынуды жалғастыра берсе, онда жасанды интеллект пен қазақ тілінің арасында байланыс әлсіз болады. Сондықтан ChatGPT қазақша сауатсыз, шалақабілетті. Өйткені интернеттен ақпарат жинаған кезде мәлімет аз. Әрине, уақыт өте келе жетілуі мүмкін. Бірақ «алма, піс, аузыма түс» деп күтіп отыруға болмайды. Қазақша контентті тезірек, көбірек жасау керек. Мысалы, орыс, ағылшын тілді орта контентті қалай жасаса, біз де сол қарқынға ілесуіміз қажет. Ал қазіргі күйімізбен отыра берсек, дамуы кешеуілдей береді. Мысалы, ағылшынша, орысша аудионы мәтінге айналдыратын технология осыдан он шақты жыл бұрын жасалып қойды. Біз болсақ, енді қолға алып жатырмыз. Себебі бізде data set әлсіз болды. Әрбір қазақ контент жасап, мәтін, аудио, видео түрінде интернетке жүктеуі керек. Бастысы, сапалы жасалуы қажет. Қазір ChatGPT қазақша сұраққа нашар жауап береді. Өйткені, интернеттегі қазақ контенті калькамен аударылған, сапасыз жасалған. Жасанды интеллект «қазақтар осылай сөйлейді екен» деп ойлайды. Сапалы қазақша-

ны осылай ғана үйрете аламыз.

Айта кетейік, жасанды сана алдағы 5 жылда еңбек нарығына түбегейлі тың өзгерістер әкеледі деп болжануда. Дүниежүзілік экономикалық форумның болжамы ең ірі жұмыс берушілерге жүргізілген сауалнама деректеріне негізделген. Сауалнамаға әлемнің сан түрлі елінен 27 сала мен 45 экономика бағытын қамтитын 11 миллионнан аса адам жұмыс істейтін 803 компания қатысқан. Нәтижесінде жұмыс берушілер 69 млн жаңа жұмыс орны ашылады деп күтуде. Алайда жаңа жұмыс орнының санынан артық 83 млн жұмыс күші қысқарады-мыс.

Иә, жасанды сананың сиқырына, біз елестете де алмайтын мүмкіндігінің күшіне таңғалудан жалықпай келеміз. Уақыт алға жылжыған сайын жанданатыны, түрлі нұсқаларының дами түсетіні тағы бар. Аталған жасанды сана туралы болжам жасай аламыз ба? Миллиондаған жұмыс орнының жабылуы адамзат қорқынышына айнала ма? – деген сұрақтар біздің ойымызда бар екені анық.

Жасанды интеллект компаниялар мен өндіріс орындарына ғана емес, халыққа да зор пайдасын тигізе алатын күшке ие. Жас кәсіпкерлер толқыны инновациялық технологияны қоғамның пайдасына жарату арқылы орасан зор өзгерістер әкеле алады.

Бүгінгі таңда жасанды интеллект атқарушы билік пен корпоративтік салаларда шешім қабылдау процесінде кең қолданыс тапқан. Жасанды интеллект құралдары коммерцияға көбірек пайдаланылғанымен, оның әлеуметтің жағдайын жақсартуда да пайдасы мол.

Осы мақсатта Масачуссетс технология институты Solve және the Patrick J. McGovern қорының біріккен жобасына назар салсақ, жасанды интел-

лектіні экономикалық әлсіз топтардың жағдайын жақсартуға қолдануға болады. Кәсіпкерлер тобы жасанды интеллектінің көмегімен әлемдегі көптеген қордаланған сұрақтардың тың шешімін іздестіруде.

Жасанды интеллектінің тиімді тұсы – ірі көлемдегі мәліметтерді сараптамадан өткізіп, деректер арасындағы байланысты асқан нақтылықпен көрсетіп, соңғы шешімді адамның өзіне қалдырады. Адам мен машинаның осындай серіктестігі әлеуметтік мәселелерді шешуде ерекше ықпалға ие. Себебі, этникалық топтар қарама-қайшылыққа түсіп жатқан қоғамда оңтайлы шешім шығару үшін ақпаратты барынша объективті сараптаудың маңызы жоғары.

Мәселен, азаматтардың қаржылық жағдайы мен төлем жасау қабілетін айтар болсақ, олардың жеке банктік есепшоттары болмаса, ипотека немесе кредиттік карта алуы мүмкін емес. Банкте аккаунттары жоқ азаматтар өздерінің төлем жасауға қабілетті екенін коммуналды қызметтерді төлеген квитанциялары мен телефондағы чектері арқылы да дәлелдей алады.

Жасанды интеллектке негізделген Destacame бағдарламасы Чили мен Мексикадағы 1,3 миллион халыққа қызмет көрсетеді. Ол несие беру ұйымдарында тіркелмеген деректерден альтернативті несие ұпайларын құрайтын алгоритм қолданады. Осылайша, клиенттің ипотеканы төлеуге қабілетті жайлы деректер жинайды, содан кейін қаржылық ұйымдар оларға несие беру мүмкіндігін қарастырады.

Сонымен қатар, жасанды интеллект білім беру мен денсаулық сақтау саласында жоғары сапалы қызметтің құнын арзандатып, нәтижені жақсартуға септеседі. Century Tech білім беру платформасында мұғалімдердің күнделікті қайталанатын жұмыстары мен әкімшілік тапсырмаларын автоматтандырады. Сондай-ақ әрбір студенттің білім алу қабілетіне сай, арнайы оқу

бағдарламасын құрастырады, сәйкесінше олар оқу үлгерімін жақсарты алады.

Тағы бір мысал, Ada Health бағдарламасы науқастар мен денсаулық сақтау қызметкерлеріне қатар қызмет көрсетеді. Оның интерфейсі науқаспен сөйлесіп, оның хал жағдайын сараптамадан өткізеді. Содан кейін бағдарлама бірден науқасқа керекті медициналық нұсқауларды береді. Бұл бағдарламада медициналық деректер жасанды интеллектімен басқарылып, медициналық шешім қабылдайды және қоғамдық денсаулық сақтау қызметкерлерінің, фармацевт, мейірбике және фельшерлердің орнын баса алатын қабілетке ие. Бұл медициналық қызметкерлер саны тапшы аудандарда өте маңызды рөл атқарып, науқастарға кәсіби көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

ISeeChange платформасы қолданушының айтқан сөзін тани алады және сенсорлы жүйенің арқасында қалалардың климаттық тұрақтылығын сақтауға, инфрақұрылымды жоспарлауға, тіпті қоғамдық қауіпсіздікті де бақылауға қолданылады. Тұрғындар платформаға өз аудандары туралы мағлұматты ауызша айтады, машина айтылған деректі бір арнаға біріктіріп, климаттық модельдер құрастырады.

Crisis Text Line жасанды интеллекті дағдарыс орталығына хабарласқан жасөспірімдердің өмірден түңілу белгілері бар хабарлама мәтіндерін сараптамадан өткізеді. Бағдарлама тез арада көмек көрсету керек қауіпті аймақтағы адамдарды анықтайды. Жасанды интеллект ірі көлемдегі деректерді өңдеу арқылы ең бірінші кезекте кімге жауап қайтару керектігін көрсетеді. Мысалы, «ибупрофен» сөзін қолданған адамның өзіне зиян келтіру ықтималдылығы жоғары екендігін белгілі болған. Осылайша жасанды интеллекті осы сөз кездесетін хабарламаларға бірінші кезекте көңіл

бөледі. Ал түсіндіру жұмыстарын ерікті консультант психологтар жасайды.

Жоғарыдағы мысалдар жаңа бизнес модельдері үлкен деректер (big data) мен жасанды интеллект технологияларының құндылығын арттыруға болатынын көрсетті. Сол себепті МТИ Solve және the Patrick J. McGovern қоры тізе қосып, ғаламдық проблемаларды шешуге талпынған технология саласының кәсіпкерлеріне қолдау көрсетеді. Олар технология стартаптарын алғашқы кезеңінен бастап анықтап, өсіп дамуына, қоғамның игілігіне пайдаланатын дүние шығаруына жағдай жасайды. Solve дайындаған арнайы қазылар алқасы технология саласының кәсіпкерлер тобын алда болатын Solve Challenge Finals сайысына іріктейді.

Егер жасанды интеллект мұқтаж адамдардың қызметіне берілсе, ол миллиардтаған адамның өмірін жақсартатын потенциалға ие. Бұл өз кезегінде жасанды интеллект тек ауқаттылардың ғана қалтасын қалыңдатуға арналған құрал деген түсінікті түбірімен жояды. Технологияны қоғамның дамуына жұмылдырған кәсіпкерлер ұзақ уақытқа әсер ететін, орасан зор өзгерістерге сеп бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мәделханқызы Д. «Сыр бойы-95» // Қызылорда газеті, 20.01.2024.
2. Ұлт газеті. – 20.09.2019.
3. Нығметов Ф. Тәуелсіздік дәуірі 22 қаңтар. – Алматы, 2018.
4. Баймұхамедов М. Ф., Баймұхамедова А. М., Боранбаев С. Н. Жасанды интеллект. 1-бөлім. – Алматы: «Бастау», 2020. – 248 б.
5. Келешектің әміршісі – Жасанды интеллект / Кәрім Масимов. – Алматы., 2019.

References

1. Mädelxanqızı D. «Sır boyı-95» // Qızılorda gazeti, 20.01.2024.
2. Ult gazeti. – 20.09.2019.
3. Nıǵmetov Ğ. Täwelsizdik дәwiri 22 qañtar. – Almatı, 2018.
4. Baymuxamedov M. F., Baymuxamedova A. M., Boranbaev S. N. Jasandı ĭntelekt. 1-bölim. – Almatı: «Bastaw», 2020. – 248 b.
5. Keleşektiñ ämirşisi – Jasandı ĭntellekt / Kärım Masımov. – Almatı, 2019.

Abisheva K. B., *Teacher of the Department of Social, Humanitarian and Linguistic Sciences, Turan-Astana University, Astana, Republic of Kazakhstan*

ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ КАК НОВАЯ СОЦИАЛЬНАЯ СЕТЬ И ИСПОЛЬЗОВАНИЕ САМОПОМОЩИ НА БЛАГО ОБЩЕСТВА

Аннотация: Положительных и отрицательных сторон искусственного интеллекта в обществе и его вклад в улучшение общества.

Ключевые слова: Искусственный интеллект, искусственный интеллект рассматривается как ключ к будущему.

Абишева К. Б., «Әлеуметтік гуманитарлық ғылымдар және тілдік кафедрасы» кафедрасының оқытушысы Тұран-Астана университеті Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

ARTIFICIAL INTELLIGENCE AS A NEW SOCIAL NETWORK AND SELF-HELP FOR THE BENEFIT OF SOCIETY

Abstract: The nature of the positive and negative aspects of artificial intelligence in society and its contribution to the improvement of society.

Keywords: Artificial Intelligence, Artificial Intelligence is seen as the key to the future.